«АҚБОБЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ

ПЕДАГОГ ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақбөбек» бөбекжай-балабақшасы төмендегі педагог лауазымдарына орналасу үшін конкурс жариялайды:

1. Педагог-психолог 0.5 жүктеме
2. Музыка жетекшісі 0.5 жүктеме

Ұйымның атауы: «Ақбөбек» бөбекжай-балабақшасы

Хабарландыруды орналастыру күні: 20 шілде 2026 жыл

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 21 шілде 2026 жылдан 29 шілде 2026 жылға дейін, қоса алғанда

Құжаттарды қабылдау орны: «Ақбөбек» бөбекжай-балабақшасының кеңсесі

Байланыс телефоны: 8 777 292 66 01

Электрондық пошта: saudabaeva69@mail.ru

1. ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ЛАУАЗЫМЫ

Негізгі функционалдық міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық және әлеуметтік жағдайын сақтауға және түзетуге бағытталған жұмысты жүзеге асыру;
- балалардың психологиялық дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтау;
- балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- диагностикалық, түзету-дамыту және консультациялық жұмыстар жүргізу;
- ата-аналарға және педагогтерге психологиялық кеңес беру және психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу;
- қажетті психологиялық құжаттаманы жүргізу.

2. МУЗЫКА ЖЕТЕКШІСІ ЛАУАЗЫМЫ

Негізгі функционалдық міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық тәрбие беру;
- балалардың музыкалық қабілеттерін және шығармашылық белсенділігін дамыту;
- музыкалық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау және өткізу;
- ән айтуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға және музыканы тыңдауға үйрету;
- мерекелік және тәрбиелік іс-шараларға музыкалық сүйемелдеу ұйымдастыру;
- педагогтермен және ата-аналармен бірлескен музыкалық-тәрбиелік жұмыстар жүргізу;
- нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;

3) білімі туралы диплом және дипломға қосымша;

4) еңбек қызметін растайтын құжат;

5) 075/у нысанындағы медициналық анықтама;

6) психикалық денсаулық саласында динамикалық бақылауда тұрмайтыны туралы мәлімет;

7) наркологиялық динамикалық бақылауда тұрмайтыны туралы мәлімет;

8) біліктілік санаты туралы құжат (бар болған жағдайда);

9) тиісті қосымшаға сәйкес толтырылған бағалау парағы;

10) жұмыс немесе оқу орнынан ұсыным хат (бар болған жағдайда);

11) кәсіби жетістіктерін растайтын құжаттар (бар болған жағдайда);

12) біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары (бар болған жағдайда).

Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы педагог лауазымдарына кандидаттар құжаттарды ұйымның кеңсесіне қағаз түрінде ұсынады.

Хабарландыруды орналастырған: «Ақбөбек» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Исаева Ә.С. _____

Күні: «20» шілде 2026 жыл